

Сауықтыру-шынықтыру шарасы
Тақырыбы: «Алақай қыс келді!»

(Балалар арасында өткізілген спорттық ойын-сауық сайысы)

Мектепалды топтар

Дене шынықтыру жетекшісі: Избаева А.Ж

Ақтөбе қаласы

«Алақай қыс келді!»

(Балалар арасында өткізілген спорттық ойын-сауық сайысы)

Мақсаты: Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту, қимыл-қозғалыстың шапшандық реакциясын дамыту, алған білім дағдыларын жарыс ойындар арқылы бекіту. Жарыс кезіндегі балалардың шешім қабылдай білулерін, төзімділігін, батылдығын мадақтау, көңіл-күйлерін көтеру.

Құрал-жабдықтар: 2-шана, мұздақтар, қарлар, себет, көрнекілік фото құрастыру, Хоккей, қар.

Жүргізуші: Саламатсыздар ма құрметті ата-аналар балар мен қонақтар! Жыл сайын өтетін қысқы сайысымыз «Алақай қыс келді!» атты жарысымызға **қош келдіңіздер!**

Ал қанекей қонақтар,

Ортаға назар салайық

Ойыншылар келеді

Қол соғып қарсы алайық

Олай болса бүгінгі жарысқа қатысушыларды ортаға шақырайық.

I «Барыс» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Спортпен достас,

Жалқаулықпен қоштас.

II - «Қыран» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Бәріміз біріміз үшін,

Бәріміз бәріміз үшін.

Жүргізуші: Сергіту сәттері: Қонжықпен бірге бой сергіту жаттығуы.


Жүргізуші: Ендеше спорттық ойын - сауығымызды бастамас бұрын әділ - қазы алқасымен таныстырып өтейін:

№41 Назерке бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: **Карабалина Айжан Ержанқызы**

№41 Назерке бөбекжай-балабақшасының әдіскері: **Ниетбаева Гүлгүл Жұмамұратқызы**

Оны әділқазы бағалар.

(әділқазы мүшелерімен таныстыру)



InCollage